

коллективного над индивидуальным, а также почитание аксакалов и бережное хранение традиций. За шесть веков (с 1465 г.) именно они помогали выстраивать степную государственность, развивать органы власти, проводить определенные политические реформы и т.д. В условиях независимого Казахстана этнополитические ценности являются базисом в развитии демократических процессов в стране. Безусловно, претворение в жизнь данных ценностей есть сложный и долговременный процесс.

Список использованной литературы:

1. Абдигалиева Г.К., Жампетова А.О. Особенности развития политических ценностей // Вестник. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. №1 (63). 2018 (с. 211-217).
2. Краткий юридический словарь / Под ред. А.Н. Азрилияна. М.: Институт новой экономики, 2005.
3. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа. 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.) [Электронный ресурс]: Режим доступа: // <https://faolex.fao.org/docs/pdf/kaz127827.pdf>
4. Бэрри Б., Матраверс М. Справедливость (статья из философской энциклопедии) [Электронный ресурс]: Режим доступа: // [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/109372/1/5-7525-0934-3\\_2001\\_1\\_031.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/109372/1/5-7525-0934-3_2001_1_031.pdf)
5. Попова А.А. Категория социальной ответственности в контексте развития философской мысли [Электронный ресурс]: Режим доступа: // <https://hmbul.bmstu.ru/articles/457/457.pdf>
6. Малинин В.Б., Трапайдзе К.З. Понятие традиций и обычаев [Электронный ресурс]: Режим доступа: // <https://phsreda.com/e-articles/114/Action114-74152.pdf>

ӘОЖ 61:1

## **ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ: ҚАЗАҚ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР**

Мейрамова Нургуль Амантаевна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Философия кафедрасы докторанты, Астана, Қазақстан

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы – антропологиялық, этикалық және медициналық көзқарастардың біріккен жүйесі. Бұл дүниетанымға сәйкес медицина тек емдеу тәжірибесі емес, философиялық категория ретінде саналған. Дәстүрлі медицинада «адам», «жан», «тән», «рух», «құт» және тағы осылар сипатты ұғымдар өзара байланыста қарастырылған. Адамды тұтас организм ретінде қабылдау – холистік тәсілдің көрінісі. Философиялық тұрғыдан алғанда, денсаулық – адамның биологиялық тепе-теңдігі мен рухани үйлесімінің нәтижесі. Ауру тек патологиялық жағдай емес, экзистенциалдық сынақ ретінде түсіндірілген. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы медицина мен философияның байланысын зерттеу – бүгінгі күнде де өзекті болып отыр. Өйткені қазіргі медициналық антропология ғылымы адамды көпқырлы болмыс ретінде зерттеуді талап етеді.

Қазақ халқы үшін медицина тек шипа беру ғана емес, өмір мәнін түсіндіретін дүниетанымдық жүйе болған. Халық даналығы денсаулықты сақтау үшін табиғатпен үйлесімділікке ерекше мән берген. Мәселен, табиғатты қорғау, суды таза ұстау, отқа тіл тигізбеу – профилактикалық мәдениеттің бір бөлігі. Бұл тәжірибелер медициналық этика және биоэтика ұғымдарымен тікелей байланысты. Қазақ дүниетанымында аурудың себептері тек биологиялық факторлармен шектелмей, моральдық және метафизикалық негіздермен айқындалады. Осыдан дәстүрлі медицина философиялық тұрғыдан «соматикалық» және «психосоматикалық» көзқарастарды қамтитынын көруге болады.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында адам тек биологиялық тіршілік иесі ретінде емес, жан, тән және рухтан тұратын тұтас болмыс деп жоғарыда келтірдік. Мәселен, жан – адамның ішкі рухани әлемі, сезімі, санасы мен ойлау қабілеті ретінде сипатталса, тән – материалдық құрылым, яғни биологиялық организмнің барлық жүйесі ретінде қарастырылған. Ал рух – адамды жоғары құндылықтарға жетелейтін, оны этика мен мораль өлшемдері арқылы басқаратын құдіретті күш деп саналған. Жан мен тән үйлесім тапқанда ғана адамның дені сау болып, ал рухы осы үйлесімнің сақталуына негіз болған. Сондықтан қазақ дүниетанымында денсаулық тек организмнің

физиологиялық тепе-теңдігі емес, сонымен бірге адамның рухани-адамгершілік деңгейімен тікелей байланысты [1, с. 30].

Қазақ халқының түсінігінде денсаулық – құт, береке және бақытпен сабақтас ұғым. Халық «Денсаулық – зор байлық», «Дені саудың – жаны сау» деген нақылдарымен осы көзқарасты айқын жеткізген. Ауру, керісінше, адамның табиғатпен және рухани әлеммен байланысының әлсіреуінен туындайды деп сенілген. Аурудың себептері тек биологиялық факторлардан ғана емес, моральдық қателіктерден, адамгершілік нормаларды бұзудан, рухани әлсіреуден де туындайды деген көзқарас болған. Бұл түсінік қазіргі психосоматикалық медицина теорияларына өте жақын. Адам ашу-ызаға, күншілдікке, қызғанышқа берілсе, жан дүниесі бұзылып, ол тән ауруына әкеледі деп сенген. Яғни, халық даналығы денсаулықты сақтау үшін тек дұрыс тамақтану мен өмір салты емес, дұрыс мінез-құлқы пен ізгі ниетті де талап еткен.

Аурудың мәнін түсіндіруде қазақ дүниетанымында жан ауруы мен тән ауруы айқын ажыратылған. Жан ауруы – қайғы, мұң, күйзеліс, сенімнің әлсіреуі сияқты ішкі рухани дерттер. Тән ауруы – сыртқы себептерден туындайтын, организмге тікелей әсер ететін сырқаттар. Бірақ бұл екі құбылыс өзара тығыз байланысты деп қарастырылған, себебі жан ауруы тәнге әсер етсе, тән ауруы жанға салмақ түсіреді. Мысалы, ұзаққа созылған мұң мен күйзеліс адамның жүйке жүйесін әлсіретіп, дене ауруларын туғызуы мүмкін. Ал керісінше, ұзаққа созылған тән ауруы адамның үмітін азайтып, жан ауруына әкелуі ықтимал. Осылайша, қазақ дүниетанымы жан мен тәннің бірлігін сақтау арқылы ғана шынайы саулыққа жетуге болады деп тұжырымдаған.

Денсаулықты сақтау мен аурудың алдын алуда қазақ халқының ырым-тыйымдары ерекше рөл атқарған. Бұл тыйымдар тек тұрмыстық тәртіп емес, терең философиялық мәні бар мәдени-рухани құбылыстар. Мәселен, «Суға түкірме» деген тыйым суды қадірлеуге үйрете отырып, эпидемиологиялық қауіптің алдын алған. Бұл тыйымның философиялық мәні – табиғатты қасиетті деп тану және оны таза ұстау арқылы адамның денсаулығын қорғау. «Отты баспа» деген тыйым да кездейсоқ емес, өйткені от қазақ дүниетанымында тазару мен жаңа өмірдің символы саналған. Бұл тыйым арқылы халық отты қасиет тұтып, оның рухани күшін құрметтеуге және адамға жылу мен өмір сыйлайтын табиғи күшке қиянат жасамауға шақырған. «Үлкеннің жолын кеспе» деген тыйым да денсаулыққа жанама байланысты, себебі ол әлеуметтік үйлесімділікті сақтауға, адамдар арасындағы қарым-қатынасты дұрыс ұстауға бағытталған. Философиялық тұрғыдан алғанда, бұл тыйым адамның қоғамдағы орнын реттеп, әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Балаларға қатысты да көптеген ырымдар орын алған, олардың бәрі денсаулықты қорғауға бағытталған. Мысалы, «Жаңа туған сәбиді жыласа да, кешкілік далаға шығарма» деген тыйым баланы жаман рухтардан қорғауға бағытталған. Философиялық тұрғыдан алғанда, бұл сенім адам өмірінің ең әлсіз кезеңін ерекше қорғау қажеттігін білдіреді. Сондай-ақ «Көз тимесін» деп тұмар тағу – адамның рухани күшін қорғаудың бір жолы ретінде қарастырылған. Бұл ырымның астарында энергия алмасу, яғни бір адамның негативті көзқарасы екінші адамға әсер етуі мүмкін деген түсінік жатыр. Осылайша, халық даналығы арқылы берілген ырым-тыйымдар медициналық тұрғыдан да, философиялық тұрғыдан да адамның өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Осылайша, жан, тән және рухтың үйлесімі, денсаулық пен аурудың халықтық түсініктері, жан мен тән дерттерінің байланысы және ырым-тыйымдардың мәдени-философиялық мәні – қазақ дүниетанымының медицинамен астасқан тұтас жүйесін құрайды.

Қазақ дәстүрінде емшілік әдістердің кең тараған түрі – табиғи шөптерден дәрі жасау болған. Шөптен жасалған дәрілердің қолданылуы адамның табиғатпен байланысын күшейтіп, оны «тірі организмнің бір бөлшегі» ретінде қабылдау философиясын қалыптастырды. Мысалы, жусан, қырықбуын, итмұрын, арша сияқты өсімдіктер тек дәрі-дәрмек емес, сонымен бірге тазару символы ретінде пайдаланылған [2, с. 21-25]. Табиғи тәсілдер – суық суға түсіру, құмға жатқызу, балмен емдеу – адамның табиғи элементтермен үйлесімін сақтауға бағытталған. Бұл тәсілдер философиялық тұрғыдан алғанда, адамның табиғатқа тәуелді екенін және табиғи тылсымның емдік күшін мойындау қажеттігін білдіреді. Аластау дәстүрі – отты пайдаланып, жаман энергиядан арылу рәсімі ретінде ерекше орын алған. Философиялық мәні бойынша аластау – зұлымдықты қуып, рухани тазалық орнатудың рәмізі. Бұл әдістердің барлығы қазақ дүниетанымындағы «табиғат – адам – рух» үштігінің ажырамас байланысын паш етеді.

Қазақ қоғамында бақсы-балгерлердің орны ерекше болған. Олар тек емдеуші ғана емес, философиялық тұрғыда дүниені танушы, адам мен табиғат арасындағы байланысты реттеуші тұлға саналған. Бақсы-балгерлер емшілікпен қатар әлеуметтік-психологиялық қызмет те атқарған, яғни науқасты сендіру, оның жан дүниесін тыныштандыру арқылы емдеу жүргізген. Бұл құбылыс қазіргі психотерапия ұғымына сәйкес келеді. Бақсылардың басты рөлі – ауруды тек тәндік деңгейде емес,

рухани деңгейде де қарастыру. Олар қобыз, асатаяқ сияқты құралдарды пайдаланып, дыбыс пен ырғақ арқылы адамның психологиялық ахуалына ықпал еткен. Философиялық тұрғыдан алғанда, бақсы-балгерлер әлемді «жанды кеңістік» ретінде қабылдаған, яғни әрбір зат пен құбылыстың рухы бар деп сенген. Сондықтан олардың емшілігі материалдық және рухани дүниелердің арасын жалғастырушы көпір қызметін атқарды [3, 74 б.].

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» еңбегінде қазақ халқының дәстүрлі медицинасы мен философиясын үйлестіре қарастырған. Өтейбойдақ адамды жан мен тәннің тұтастығы ретінде түсіндіре отырып, денсаулықты сақтауда рухани тазалыққа ерекше мән берген. Ол табиғаттағы шөптердің, жануарлардан алынған өнімдердің және минералдардың адам ағзасына әсерін жүйелеп, оларды ғылыми негізде талдаған. Мәселен, ол шөптен жасалған дәрілерді белгілі бір мүшенің ғана емес, тұтас ағзаның тепе-теңдігін сақтауға бағыттайды. Өтейбойдақтың пікірінше, аурудың шығуы адамның табиғат заңдылықтарын бұзуынан және ішкі жан дүниесінің аласаруынан туындайды. Ол шипагерлік тәжірибеде тек тәнді ғана емес, жанды да емдеу қажеттігін үнемі ескерткен. Бұл тұжырым оның медициналық философиясының негізгі өзегі болып табылады [4, 10 б.].

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде адамның денсаулығы мен жан тәрбиесін қоғам философиясымен сабақтастырып қарастырады. Фарабидің ойынша, қайырымды қала тұрғындары – тәні сау, жаны тәрбиелі және ақыл-парасаты кемел адамдардан құралуы тиіс. Ол адам денсаулығы мен рухани тазалығының қоғамдық үйлесімділік үшін шешуші мәні бар екенін көрсетеді. Фараби адамның жан дүниесін үш деңгейге бөледі: жан құмарлықтары, рухани-ойлау қабілеті және ерік-жігер. Денсаулықты сақтау үшін адамның нәпсісін тәрбиелеу, яғни құмарлықтарды тежей білу қажет деп түсіндіреді. Ол медицина мен этиканы ажырамас бірлікте қарастырып, «дәрігер тәнді емдесе, философ жанды емдейді» деп тұжырымдайды. Фараби үшін жеке адамның саулығы – бүкіл қоғамның саулығының кепілі. Сондықтан ол денсаулықты әлеуметтік-этикалық категория ретінде бағалайды.

Ибн Сина өзінің атақты «Дәрігерлік ғылым каноны» еңбегінде аурудың негізгі төрт себебін атап көрсетеді: табиғи, психикалық, өмір салтынан туындайтын және сыртқы ортаның әсері. Бұл жіктеу қазіргі медициналық этиология принциптерімен сәйкес келеді. Ол аурудың алдын алуда дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалыс және жан тазалығының рөлін ерекше атаған. Ибн Сина үшін денсаулық – организмнің теңгерімді күйі, тепе-теңдік бұзылса, ауру пайда болады [5, 144-154 бб.].

Осы еңбектердің барлығы денсаулықты тек биологиялық категория ретінде емес, этикалық, әлеуметтік және рухани құбылыс ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Қазақ медицинасы Батыс философиясымен үндес. Гиппократ табиғатпен үйлесімділікті басты қағида ретінде қарастырса, қазақ халқы да денсаулықты табиғат заңына мойынсұну арқылы сақтауға болатынын білген. «Ауруды сөзбен емдеу» қағидасы Гиппократта болса, қазақ бақсылары дұға, ән және сөз күші арқылы науқастың ішкі сенімін нығайтқан. Галеннің ағзадағы төрт шырынның тепе-теңдігі жайлы ілімі қазақ түсінігіндегі ыстық-суық пен құрғақ-ылғалдың арасалмағымен сәйкес келеді. Бұл жерде философиялық тұрғыдан шығыс пен батыс ғылымы ортақ қағидаларға сүйеніп, адамның табиғатпен бірлігін дәлелдеуге ұмтылды. Сонымен бірге, Гиппократ антындағы «зиян келтірмеу» қағидасы қазақ емшілерінің «жақсылық қылсаң, жақсылық табарсың» деген моральдық принципімен ұштасып, этика мен медицина арасындағы тұтастықты айқындады. Осылайша, қазақ емшілігі Батыс философиясымен рухани үндестік тапты.

Ғаламдық мәдениет аясында қазақ дәстүрлі медицинасын сақтау мәселесі аса өзекті болып отыр. Бүгінде дәстүрлі тәжірибелерді жүйелеп, ғылыми тұрғыдан зерттеу мәдени мұраны қорғаудың маңызды бөлігіне айналған. Қазақ емшілігінің этикалық қағидалары биоэтика ғылымының заманауи ұстанымдарымен үйлеседі. Дәстүрлі және ғылыми медицинаны ұштастыру заманауи интегративтік тәсілдердің дамуына ықпал етуде. Қазақ емшілігіндегі табиғи шөптерді қолдану фитотерапия саласымен тікелей байланысты, ал дем салу мен аластау әдістері қазіргі психотерапиялық тәсілдермен сәйкес келеді. Бұл тәжірибелердің халықаралық медицина ғылымына да қосар үлесі бар. Сондықтан қазақ медицинасы – тек ұлттық құндылық емес, жаһандық ғылыми ойға үлес қоса алатын тәжірибелік және философиялық мектеп болмақ.

Қорытындылай айтқанда, қазақ халқының дәстүрлі медицинасы шығыс елдерінің ықпалын бойына сіңіріп, батыс философиясымен рухани үндестік тапқан синкреттік жүйе болып қалыптасты. Ол адамды тек биологиялық ағза емес, тұтас рухани-әлеуметтік болмыс ретінде қарастырады. Табиғатпен үйлесімге ұмтылу, этикалық принциптерді қастерлеу және жан мен тән бірлігін сақтау – қазақ медицинасының философиялық мәнін айқындайтын басты қағидалар. Оны сақтау және дамыту болашақ ұрпаққа рухани сабақтастық пен мәдени тұрақтылық сыйлайтыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Биртанов А.Б., Биртанов Е.А. История медицины Казахстана. - Алматы: Санат. – 1998. – С. 30.
2. Камалиев М.Р., Бигалиева Р.К., Хабиева Т.Х. История народной медицины и общественного здравоохранения Казахстана. - Алматы. – 2004. – С. 21-25.
3. Әбілқасымов Е. Қазақтың халық емшілері. Анықтамалық. - Алматы. - 1993. – 74 б.
4. Тілеуқабылұлы Ө. «Шипагерлік баян». - Араб графикасынан аударма Н. Елемес, Д. Мәсімхан. - Алматы: Жалын. - 1996. – 10 б.
5. Шалхаров С., Арзуметов Ю. История восточной медицины. - Алматы. – 1998. – С. 144-154.

УДК 316.4

## ОСОБЕННОСТИ ИСЛАМСКОГО ПАЛОМНИЧЕСТВА В КАЗАХСТАНЕ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Мейрханов Глеубек Сметбекович

Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова,  
магистрант кафедры философии и теории культуры, Караганда, Казахстан

Особенности исламского паломничества в современном Казахстане раскрываются через взаимодействие глобальных исламских практик и локальных культурных традиций. Во-первых, хадж в Казахстане воспринимается как высшая форма религиозного служения, закреплённая в исламской догматике, и современные казахстанские мусульмане активно включены в мировую систему хаджа, ежегодно принимая участие в паломничестве в Мекку. Во-вторых, наряду с хаджем сохраняется и практика малого паломничества (умра), а также локальные формы зиярата, посещения святых мест, мавзолеев и некрополей, которые формируют особую модель «местного паломничества», где исламские нормы переплетаются с культурно-историческим наследием тюркской и казахской традиции. В-третьих, современное паломничество в Казахстане имеет и социально-экономическое измерение, поскольку оно связано с туризмом, организацией религиозных услуг, развитием инфраструктуры, а также с транснациональными связями, которые позволяют казахстанским паломникам включаться в глобальный исламский мир. В-четвёртых, паломничество становится важным инструментом формирования религиозной идентичности молодёжи, так как оно способствует приобщению к исламским ценностям, но одновременно поднимает вопросы о балансе между религиозностью и светскими принципами казахстанского общества.

Центральная Азия предоставляет уникальный материал для изучения зиярата (локального паломничества) благодаря особым историческим условиям распространения ислама, поскольку здесь ислам вступил в контакт с богатым пластом домусульманских верований, а суфийское движение, ставшее основным проводником религиозной культуры, интегрировало местные традиции в свои практики, в результате чего паломничество к святым местам обрело статус не только религиозного, но и культурного маркера, отражающего региональную специфику ислама [1].

В исламе отсутствует официальная процедура канонизации святых, поэтому признание личности в качестве святого складывается в результате общественного консенсуса, основанного на мнении богословов, авторитетных лидеров и широкой поддержки верующих. В казахской культуре в эту категорию включаются как суфийские шейхи и ишаны, так и основатели, и лидеры родов, батыры, народные целители, ақыны и представители аристократии; тем самым сакральный статус закрепляется в том числе и за фигурами, значимыми для коллективной памяти и идентичности народа.

Современные исследования показывают наличие двух противоположных точек зрения на практику зиярата: с одной стороны, официальные исламские институты нередко осуждают паломничество к местным святыням, считая его нарушением строгих догматических принципов; с другой стороны, для широких масс верующих посещение святых мест является органичной частью исламской практики и не воспринимается как противоречие каноническим нормам; более того, обычные мусульмане подчеркивают, что зиярат – это «путь предков», испытанный веками и являющийся важным элементом их религиозной идентичности [2].

Дискуссии вокруг зиярата отражают более широкий конфликт между универсалистскими и локальными версиями ислама: хадж в Мекку признается основополагающим столпом религии, но